

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫ

17 наурыз 2022 жылғы

No: AIFC-C/SCC/2022/0004 ic

IZI CHAINA CORPORATE LIMITED LIABILITY COMPANY

Талап қоюшы

v

HONGKONG FONIX HITECH INDUSTRIES CO., LTD

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Том Монтагю-Смит QC

БҰЙРЫҚ


1. Талап қоюшының пайдасына талап бойынша шешім шығарылуы тиіс. Жауапкер Талап қоюшыға 2022 жылғы 30 наурызда Нұр-Сұлтан уақыты бойынша 18:00-ге дейін 98 488 АҚШ долларын төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

1. Бұл талапта Талап қоюшы Жауапкерден 98 488 АҚШ долларын өтетуді сұрайды.
2. Тараптар 2019 жылғы 1 қыркүйекте, 2019 жылғы 14 желтоқсанда, 2019 жылғы 21 желтоқсанда және 2020 жылғы 21 ақпанда 4 шарт жасасты, оларға сәйкес Талап қоюшы теміржолмен жүк тасымалдауды қамтамасыз етуге келісті. Көрсетілетін қызметтер үшін келісілген жалпы сома 135 488 АҚШ долларын құрады. Әрбір жағдайда төлем 2020 жылғы 30 желтоқсанға дейін төленуі тиіс болды.
3. 2020 жылғы 30 желтоқсанда Жауапкер борышты өтеудің мерзімін 4 бөлікке бөліп 2021 жылғы 16 ақпаннан бастап 2021 жылғы 16 тамызға дейінгі кезеңге көшіруді ұсынды. Талап қоюшы келісті және Тараптар бөліп төлеудің кестесін көрсетіп, 4 келісім жасасты. Сонымен бірге тараптар келісімдер бойынша кез келген дауларды айрықша юрисдикциясы бар АХҚО Сотына беруге уағдаласты.
4. Жауапкер 37 000 АҚШ доллары мөлшеріндегі бірінші жарнаны төледі, бірақ бұдан кейінгі жарналарды төлеген жоқ. Төленбеген қалдық 98 488 АҚШ долларын құрайды.
5. Талап қоюшы 2022 жылғы 11 ақпанда осы талапты берді. Талап арыз берешектің бар екенін растайтын құжаттармен бекітілді. Жауапкер жауапты 2022 жылғы 22 ақпанда берді. Жауапкер «37 000 АҚШ доллары көлемінде қарызды ішінара төледі» және «121 480 АҚШ доллары мөлшеріндегі қалған сома төленгенін» және мынаны мәлімдеді: «тауар өндірісі кешіктіріліп жатқандықтан, біз клиентімізге оны жеткізіп бере алмаймыз және есеп айырысу үшін ақша ала алмаймыз...».
6. Жауапкердің жауабы, іс жүзінде мәлімделгеннен немесе төленуге тиістіден көбірек сомаға болса да, талапты мойындағанмен тең. Жауаптың шарттары маған АХҚО соты қағидаларының 10.8 қағидасының мәні бойынша төлем үшін уақыт беруді өтіну болып көрінді. Сондықтан 2022 жылғы 3 наурызда мен Жауапкердің төлем бойынша қандай ұсыныс жасайтынын нақтылауына және растайтын материалдарды беруіне өкім еттім. Жауапкер ешқандай жауапты берген жоқ.
7. Бұл мән-жайларда мен мәлімделген сома бойынша Талап қоюшының пайдасына шешім шығарамын. Мен АХҚО соты Қағидаларының 24.15 қағидасына сәйкес төлем үшін 14 күнтізбелік күн беремін. Мен Жауапкерге төлем үшін қосымша уақыт беруден бас тартамын. Жауапкер тек

өлемді 2022 жылдың аяғына дейін кейінге қалдыруды ұсынды, бұл өте ұзақ. Қалай болғанда да, Жауапкер өз өтінішіне ешқандай түсіндірмелер немесе негіздемелер берген жоқ.

АХҚО Ұсақ даулар соты қабылдады,



Том Монтагю-Смит QC,
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты



Өкілдік ету:

Талап қоюшы атынан «Лесников, Ильичёв және Серіктестер» басқарушы серіктесі Лесников Пётр Анатольевич болды.

Жауапкердің атынан атынан өкілдік етілген жоқ.